

**БАҚ-тар үшін хабарлау**  
**«Самұрық-Энерго» АҚ шығыстарын 18,5 млрд. теңгеге оңтайландырды**

**30.09.2020 ж.**

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның ағымдағы шығыстары мен күрделі сипаттағы шығыстары 2020 жылы **18,5 млрд.** теңгеге қысқартылды. Қысқарту шаралары «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның Басқарма Төрағасы Ахметжан Есімовтің «Самұрық-Қазына» АҚ-ның жедел штабы отырысында берген тапсырмаларын орындау аясында іске асырылуда.

Естеріңізге сала кетейік, «Самұрық-Қазынаның» құрамына кіретін компаниялардың алдына кең ауқымды міндеттер қойылып, нақты тапсырмалар берілген болатын, солардың қатарында – өздерінің өндірістік қызметіне тікелей әсер етпейтін шығыстарды қысқарту, компаниялардағы басшылық лауазымдар мен вакансияларды қысқарту тұрғысынан ұйымдық құрылымдарын қайта қарау және т.б.

2020 жылға жоспарланған шығыстарды талдау қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ консультациялық, аудиторлық және заңгерлік қызметтермен, бағдарламалық жасақтаманы сүйемелдеумен және жаңартумен, резерв жасау және автокөлікті ұстау шығындарымен байланысты және өзге де ағымдағы шығыстарын қысқартты.

Операциялық шығыстарымен қатар, компания күрделі сипаттағы шығыстарын да қайта қарады, бұл бойынша оңтайландыру **15,8 млрд.** теңгені, немесе жалпы инвестициялық шығыстардың 13%-ін құрайды.

**Еліміздің аса ірі электр энергетикалық холдингі күрделі эпидемиологиялық ахуал кезінде өзінің қызметкерлерін қолдау үшін қажетті шаралардың бәрін де қолға алды.**

Карантин кезеңінде компанияның электр станциялары мен кәсіпорындарында жұмыс орындарын қысқартуға, жалақыны кешіктіруге жол берілмеді, сондай-ақ еңбек заңнамасында және ұжымдық шарттарда белгіленген өтемақылар төленіп, жеңілдіктер қарастырылды.

Тұтас алғанда, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның электр энергетикасы және көмір өндіру салаларындағы жұмысы штаттық режимде іске асырылуда.

Жылдың қорытындысы бойынша электр энергиясын өндіру көлемі 30,5 млрд. кВтсағ. деңгейінде, 2019 жылмен салыстырғанда өсім 0,3 млрд. кВтсағ. болады деп болжам жасалуда (2019 жылы өндіру көлемі 30,2 млрд.кВтсағатты құрады).

**Анықтама:**

*«Самұрық-Энерго» АҚ – Қазақстандағы аса ірі электр энергетикалық холдинг, акцияларының 100%-ы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға тиесілі. 2007 жылы құрылған. Жұмысының негізгі бағыттары: электр және жылу энергиясын өндіру; электр энергиясын жеткізу, бөліп-тарату және сату; энергетикалық көмір өндіру. Холдингінің құрамына энергия және көмір өндіру кәсіпорындары, соның ішінде: «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Богатырь Көмір» ЖШС, «Алматы электр станциялары» АҚ, «О.Д. Қантаев атындағы Мойнақ су электрстанциясы» АҚ, «Шардара СЭС» АҚ және т.б. кіреді.*